

БЕКІТЕМІН:

**Қостанай облысы әкімдігі мәдениет
басқармасының «І.Омаров атындағы
Қостанай облыстық казак драма театры»
КМҚК басшысы**

А. Зауатбек
24 мамыр 2024ж.



**«Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет
басқармасы І. Омаров атындағы Қостанай облыстық казак драма
театры» мемлекеттік мекемесінің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы І Омаров атындағы Қостанай облыстық казак драма театры» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы осы стандарты (*бұдан әрі - Басқарма*) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді.
2. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты:** сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу.
3. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:**
 - 3.1. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мығым мінез-құлықты қалыптастыру.
 - 3.2. сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.
4. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:**
 - 4.1. Заңдылық.
 - 4.2. Ашықтық.
 - 4.3. Әдептілік.
 - 4.4. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау.
 - 4.5. Мүдделер қақтығысын болдырмау.
5. **Қоғамдық қатынас саласының атауы:** мәдениет және тілдерді дамыту саласында.
6. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы:** «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі.
7. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:**

7.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт функцияларды жүзеге асыру және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде басқарма қызметінде қолданылады.

7.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Басқарманың барлық қызметкерлерімен орындау үшін міндетті.

7.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қолданылуы мен орындалуына Басқарманың барлық қызметшілері дербес жауаптылықта болады.

8. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында (мәдениет және тілдерді дамыту саласында) жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары:

8.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес заңдылық қағидатын басшылыққа алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтауға;

мүдделер қақтығысының пайда болуының әр мүмкіндігіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;

жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

өз лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу мүмкіндіктерін пайдаланбау;

жоғары кәсіптік жұмыс үшін бар жігерін салуға, қойылған тапсырмаларды шешудің оптималды, үнемді және өзге де құзыретті тәсілдерін қолдану;

қызметтік міндеттерді нәтижелі орындау үшін ұдайы өз кәсіптік деңгейін және біліктілігін жетілдіру;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне құқыққа сыйымсыз араласуына тыйым салынады;

лауазымдық өкілеттіктерін іске асыру кезінде саяси партиялардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметінен бейтарап және тәуелсіз болуға;

жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдаланбауға;

мемлекеттік міндеттерін атқару кезінде алынған ақпаратты, егер ол ресми жариялауға жатпайтын болса, жеке немесе топтық мүдделерге пайдаланбауға;

лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде алатын, азаматтардың жеке өмірін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді жария етпеуге

және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардан мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

8.2. Өз құзыреті аясында басқару және өзге де шешімдерді әзірлеу және қабылдауда:

Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

құпиялылықты сақтау және қызметтік және мемлекеттік құпияны қамтамасыз ету;

кәсіби (қызметтік) әдепті сақтау;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға бейімдейтін жағдайлар жөнінде шұғыл жазбаша түрде Басқарма басшысын, уәкілетті мемлекеттік органдарды хабарландыру;

лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға ерекше ықылас көрсетпеуге, олардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

үшінші тұлғалардың мүдделерін ұсыну мен қорғаудан, яғни олардың атынан әрекет жасаудан тартыну;

басқа мемлекеттік органдар, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуды іске асырмау;

әділ қызметтік шешім қабылдауына әсер ете алатын қарым-қатынастардың бекітілген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштер мен әріптестерге және басшылыққа жүгінуден тартыну;

мүдделер қақтығысына жол бермеу, ал олар туындаған жағдайда заңға сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

сыбайлас жемқорлық көрінісіне қарсы тұру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу;

басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактілерін тоқтату;

жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеу;

өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз ету;

қызметтік ақпаратты және басқа да мемлекеттік мүлікті қызметтік әрекетіне материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыздандыруды қызметтік емес мақсаттарға пайдалануға жол бермеу;

мемлекеттік қызметкердің құзыретіне кіретін шешім шығару кезінде ешқандай материалдық игіліктер, қызмет көрсетулер және өзге де артықшылықтар қабылдамау;

еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтау, берілген міндеттерін тиімді пайдалану, қызметтік міндеттерін алалықысыз және нарықы атқару, жұмыс уақытын тиімді пайдалану;

8.3. нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы заңының нормаларын қатаң ұстану;

азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттемелеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ұсынымдарды ұсыну үшін қоғамдық кеңестерге жолдау;

мүдделі мемлекеттік органдарға келісімге жібергенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілерді жария талқылау үшін интернет порталда орналастыру;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларында сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларының болуына жол бермеу;

8.4. Өмір сүру саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын басқа қатынастар кезінде:

мемлекет мүдделеріне шығын келтіретін мемлекеттік органдардың жұмысына бөгет болатын және тиімділігін түсіретін әрекеттерге төтеп беру;

өзінің лауазымдық өкілеттілігіне сәйкес функцияларды іске асыру;

қызметтік әдеп нормаларын сақтау;

бағынысты қызметкерлер мен басқа лауазымды тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу деректерін болдырмау және жол бермеу;

мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы құқық қорғаушы органдарға (немесе) басшылыққа тез арада хабарлау.

9. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары.

мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қатаң сақтау;

қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;

мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын сақтау;

дербес деректерді өңдеу кезінде ақпарат пен материалдарды үшінші тарапқа бермеу;

қабылданған шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету кезі:

- ақша қаражатын жұмсауды жүзеге асыруда;

- ақшалай қаражат пен материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуде;

- материалдық қорлар мен негізгі құралдарды беру және есептен шығару, сондай-ақ оларды есепке алу және сақтау бойынша бастапқы құжаттарды (жүкқұжаттарды) ресімдеуде;

- мемлекеттік сатып алу жоспарын жасау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуде.

10. Кадрларды іріктеу және орналастыру кезіндегі мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары.

меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;
 кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеу;
 жұмысқа қабылдау кезінде Басқарманың лауазымды тұлғаларына жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
 жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
 Басқарма қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
 Басқармада жұмыс істеуге үміткерлерден қолданыстағы заңнамамен белгіленбеген құжаттарды талап етпеу.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайтуға бағытталған мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары.

Қазақстан халқының бірлігі мен ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтау және нығайту;

мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұру;

мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалану;

қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтау, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындау, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалану;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге; ;

іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау;

осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың талаптарын қатаң сақтау.

12. Өзге де шектеулер мен тыйым салулар:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасы заңының өзге талаптарын сақтау;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтау;
 лауазымдық құзыреттілігін және оған қатысты мүмкіншіліктерді өзіне мүліктік және мүліктік емес пайда табу үшін қолданбау.